

«Әйтеке би» атындағы жалпы білім беретін мектеп

Асхана туралы мәлімет

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:

- Әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтандырумен қамту;
- Ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- Білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- Қызмет көрсетудің жана озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- Тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ысытық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылады, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыру

Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыру ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетін сөзсіз. «Әйтеке би» атындағы жалпы білім беретін мектебінде бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны - 264. Оның ішінде аз қамтылған отбасы балалар саны 37, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған - 4, атаулы әлеуметтік көмек - Бастауыш сынып оқитын оқушылар саны - 248, орта сыныпта білім алушылар саны - 269, толық ыстық тамақпен қамтылған. Асхананың кезекшілік кестесі құрылым белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады.

Мектеп директоры

Қ. Рысбаев

Мектеп медицинасы

А. Шотарбаева

Ж. Жамантаева

